

Государство
в



Қазақстан

республикасындағы
«Электронды үкіметтің»
Қалыптасуы



Мақсаты

- «Электрондық үкіметтің» функцияларымен танысу.

Тапсырмалар

- «Электрондық үкіметтің» негізгі түсініктері.
- Электрондық және информациялық технологияны қолдану процессінің бес этапы.



«Электрондық үкімет» (e-Government)
термині барлық мемлекеттік органдардың
басын біріктіріп, оларға интернеттің,
электронды терминалдардың немесе тіпті
ұялы телефондардың көмегімен
тұрғындарға қызмет көрсетуге мүмкіндік
беретін біртұтас жүйені білдіреді. Жеке
тұлғаларға ғана емес, компания мен
кәсіпкерлерге де.



- ... барлық қолданыстағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері азаматтарға және бизнес-құрылымдарға қызметтерді көрсетуге бағытталған және “электрондық үкімет” инфрақұрылымына ықпалдастыруды ескерумен құрылуда.



e.gov

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТІ

Электрондық үкімет – халықтарды ел үкіметімен тікелей байланыстыруды қамтамасыз ететін жүйе. Бұл процесс азаматтардың саясаттық қатысуымен қызмет көрсету процесінің және техникалық орталық, Интернет және қазіргі заманғы СМИ көмегімен ішкі және сыртқы қатынастардың өзгеруі жолымен жүретін басқару процесінің үздіксіз оптимизациясы.

Қазақстанда «Электрондық үкімет» азаматтар мен ұйымдарға мемлекеттік органдардың қызмет көрсетуі сапасының жоғарылығы мен қысқа мерзімділікке және мемлекеттік органдардың қызметінің ақпараттық базасымен байланысты қамтамасыз етуге, мемлекеттік аппарат құрамы бойынша эффективті және тиімді құрылуына бағытталған

«Электрондық үкімет» азаматтардың мемлекетпен өзара әсерін және мемлекеттік қызметпен байланысын тәулігіне 24 сағат, аптасына жеті күн, географиялық орналасуы мен жыл мезгілдерінен тәуелсіз қамтамасыз етуі тиіс. Мемлекеттік мекемелердің барлық қызмет түрлері әрбір адамға кез-келген уақытта қызмет көрсетуі тиіс.

«Электрондық үкіметтің» басты приоритеті Интернетпен байланыс, ақпараттық – коммуникациялық технология шеңберінде білім деңгейін арттыру, сонымен қатар мемлекеттік басқару жүйесі модернизациясын өткізуді қамтамасыз ету болып табылады.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТТІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Электрондық үкіметтің құрылуы мақсатына азаматтар мен ұйымдарға мемлекеттік органдардың қызмет көрсетуі сапасының жоғарылығы мен қысқа мерзімділікке және мемлекеттік органдардың қызметінің ақпараттық базасымен байланысты қамтамасыз етуге, мемлекеттік аппарат құрамы бойынша эффективті және тиімді құрылуына бағытталған.

Электрондық үкімет ұйымының негізгі міндеті мемлекетке, азаматтар мен ұйымдарға мүмкіндік туғызатын наормативті — құқықтың және әдістемелік базаның құрылуы болып табылады; мемлекеттік органдардың электрондық қызметінің қалыптасуы мен дамуы; Электрондық үкімет қызметі байланысымен қамтамасыз ету, ақпараттық-коммуникациялық технология аясында білім деңгейін арттыру мен жергілікті ақпараттық теңсіздік бойынша жұмыстарды ұйымдастыру; е-үкімет инфрақұрылымының базалық компоненттерін қалыптастыру және мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын оптимизациялау;

Электрондық үкіметтің ақпараттық инфрақұрылымын қорғауды қамтамасыз ету.

- Ұзақ мерзімді Қазақстан-2030 Стратегиялық бағдарламасында электрондық үкіметтің қалыптасуы мен дамуына негіз болатын ақпараттық инфрақұрылымды дамытуға басымдық беріліп, бұл туралы: “Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының алдында, ең алдымен, болашақта әлемнің дамыған елдерінің ақпараттық инфрақұрылымдарымен бәсекелесуге қабілетті, дербес тәуелсіз және тиімді телекоммуникациялық қызмет көрсету жүйесін құру міндеті тұр” – деп анықталды .

- Елімізде электронды үкімет құру идеясын Мемлекет басшысы өзінің республиканы әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына енгізу туралы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауында білдірген болатын. 2004 жылғы 10 қарашада 1471- бұйрықта электронды үкіметті ендіру туралы «Қазақстан Республикасында электрондық үкіметті қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Президент Жарлығымен бекітілді.

Дамудың кезеңдері:

- **Бірінші кезеңінде** – ақпараттарды жариялау және тарату.
- **Екінші кезеңі** - мемлекеттік органдар мен азаматтардың өзара қарым-қатынасына тікелей және қайтармалы жолды интерактивті қызмет ұсынады.
- **Үшінші кезеңде** - қаржылық және заң операцияларын үкіметтік порталдар арқылы жүзеге асыру жолымен транзакциялық қызмет көрсету.
- **Төртінші кезеңде** - ақпараттық қоғамды толық қалыптастыру.



- ✓ НӘТИЖЕЛІЛІК
- ✓ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК
- ✓ АЙҚЫНДЫҚ

2 000 астам ақпараттық қызметтер
219 интерактивтік және транзакциялық қызметтер

- Бағдарлама 2005 жылы іске қосылып 2 жыл ішінде е-үкіметтің инфрақұрылымы қалыптастырылып, базалық құрамдас бөліктері құрылды: веб-портал және шлюз, ведомствоаралық электрондық құжат айналымы, куәландырушы орталықтары, бірыңғай көлік ортасы. Бағдарламаны іске асыруда 2005-2007 жылдары ақпараттандыру жөніндегі бағдарламаларды іске асыратын жергілікті бюджеттен 150 млн теңге жылына қаражат бөлінді.

- 12.04.2006 жылы ҚР-ның электронды үкіметінің веб порталы құрылды:

www.e.gov.kz

e.gov

www.egov.kz



ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Қазіргі заманда мемлекеттік органдар қатарында электронды қызметтер пайдаланылады. Мысалға, «ИНИС» (Интегрированная налоговая информационная система) қаржы Министрлігі және «РНиОН» (Реестр налогоплательщиков и объектов налогообложения) 17 түрлі электрондық қызметті, оның ішінде электронды түрде салық есептерін жіберу мен қалыптастыру бойынша программамен қамтамасыз етуді, электронды салықтық есептеулерді өңдеу және қабылдауды, жер салығы суммасын есептеуді, транспорт орталықтарды, салық төлеушілердің берілгендерін тіркеуді арақашықтықтан өзгертуді ұсынады.

Электрондық үкімет қызметінің базалық тізімі азаматтардың қызметтері мен ұйымдардың функционерлеуінің негізгі аясына сәйкес.

1. Салықтық және бекеттік міндетер

Салық объектілері мен салықпен байланысты объектілер туралы аұпарат алу берілген толықұанды органдар (салықтөлеушілер реестрі, салық объектілері); салық органдарындағы тіркеу есебінде тұратын салық төлеушілер туралы ақпараталмасу; салық төлеушілердің тіркелген деректердің өзгеруі; электронды салықтық есптерді қабылдау және өңдеу, салық органдары офисінен салық төлеуші терминалы арқылы электронды салық есептерін жіберуі бойынша қызмет көрсету; бюджетпен бірге есептеу жағдайлары туралы ақпаратты жеткізу; Қазақстан Республикасының салық заңдарын түсіндіру; электрондық «ыстық желі» («горячих линий») өткізу; Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер енгізуді қоғаммен ара-қашықтықтан талқылау; бюджеттің кіріс бөлігі жайында орталық және жергілікті мемлекеттік органдарға ақпаратты жеткізу; Қазақстан Республикасының бекеттік заңдылықтарына сәйкес құжаттар мен есптердің электронды түрін қабылдау; сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды консультациямен және ақпаратпен қамтамасыз ету.

2. Өнеркәсіп және бизнес

Заңды тұлға теркеуі бойынша ақпаратты жеткізу (қайта тіркеу, ликвидация); электронды мемлекеттік сатып алымдарды ұйымдастыру; қозғалмалы және қозғалмайтын мүлікті құқықтық безендіру және мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат; лицензияға мүлік бағасына мемлекеттік реестрден ақпарат беру; товар және қызмет саудасы туралы ақпарат жеткізу; инвестициялық (инновациялық) («виртуальды технопарк») жоба туралы ақпарат беру; бизнес сұрақтары туралы азаматтар мен ұйымдарға келуді қабылдау.

3. Әлеуметтік қорғау және халықтың орналасуы

Жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамту және мамандық бойынша мамандарды жұмыс берушінің өтініші бойынша іздестіру; өтініштер мен құжаттарды, зейнеткерлік фонд жинақтаушымен байланысты келісім-шарттарды безендіру; салымшылардың түсімі туралы ақпаратты беру; зейнеткерлік жинақтаушыны беру өтініші безендіру; зейнеткерлік жабдықтау сұрақтары бойынша азаматтардың сұранысын қабылдау; шет елдіктер жұмыс к. үшін жұмылдыру тәртібі туралы беру; қызмет түріне лицензия беру.

4. Білім, ғылым және денсаулық сақтау

Қазақстан Республикасының халықтарының негізгі денсаулық көрсеткіші бойынша ақпарат беру; тіркелген дәрілік заттар, задалсыздандыру және дератизация заттары, Қазақстан Республикасыны бойынша қолдануға және әкелуге тыйым салынған заттар бойынша ақпарат беру; білім, ғылым және денсаулық сақтау аясында қызмет көрсететін лицензиясы бар ұйымдар туралы ақпарат беру; медициналық көмектің барлық деңгейі бойынша аурулар емдеу және ем жүргізу сұрақтары бойынша ақпарат беру; жоғары оқу орындары, ғылыми және медициналық ұйымдар құрамының саны және сапасы бойынша ақпарат беру; білім және ғылым ұйымдары қызметтерінің негізгі көрсеткіші бойынша ақпарат беру; білім және ғылым ұйымдары қызметтерінің негізгі көрсеткіші бойынша ақпарат беру; білім және медициналық қызмет көрсету сұрақтары бойынша азаматтарды қабылдау.

5. Заңдылық және тәртіп

Мемлекеттік реестр және Қазақстан Республикасың нормативті құқықтық актілерінің эталлонды бақылаушы банкіне байланыс орнату; қоғамдық тәртіп сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету сұрақтары бойынша ақпарат беру; тәртіпті сақтау сұрақтары бойынша азаматтарды қабылдау; тәртіпті сақтау сұрақтары бойынша азаматтарды қабылдау; тіртіп сақтауды қамтамасыз ету органына қызметке түсетіндер туралы ақпарат беру; тәртіп сақтау органдары оқу орындарына түсушілер үшін қажетті ақпаратты жинау және қабылдау.

7. Қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және жедел жағдайларды басқару

Халықтар орналасқан пункттер мен объектілерге өртке қарсы қорғанысты күшейту бойынша ұсыныстар беру; мемлекеттік өртке қарсы шаралар туралы ақпарат беру; объектілердегі өртке қарсы қызметтерді ұйымдастыру туралы сұрақтарды қарастыруға қатысу және ұсыныстар білдіру; жөндеумен, өртке қарсы құрал-жабдықтардың техникалық қызметімен байланысты ақпарат беру; қорғаныс ұлттық қауіпсіздік, сонмен қатар жедел жағдайлар туралы ескерту сұрақтары бойынша азаматтарды қабылдау; жедел әскери қызмет, контрактілі қызмет, сонымен қатар ергілікті әскері - оқу орындары, тәртібі, оқу түсу шарттары бойынша ақпарат беру.

8. Қоршаған ортаны қорғау

Қоршаан ортаның күйі мен ласануы, жеке объектілерінің экологиялық жағдайы, қоршаған ортаға әсер ету күйі туралы ақпарат беру; қоршаған ортаны қорғау аймағында стратегиялық құжаттарды тарату жолы туралы ақпарат беру; Қазақстан Республикасының табиғатты сақтау заңдарын бұзу және оған қолданылатын шаралар туралы ақпарат беру; кадастрлі табиғи ресурстарға байланысты еткізу; ауа-райы туралы ақпарат беру; табиғатты қорғау шаралары туралы ақпарат беру; қоршаған ортаны қорғау сұрақтары бойынша азаматтарды қабылдау.

6. Экономика және сауда

Мемлекеттік бюджетті қалыптастыру туралы сұрақтар бойынша ақпарат беру; әлеуметтік-экономикалық және фискальді тарату; Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму күйі; елдің транспортты-коммуникациялық комплексі: автомобиль жолдары, азаматтық авиация, аэрокосмостық комплекс туралы ақпарат беру; ауыл шаруашылығында әлеуметтік –экономикалық жағдай, сонымен қатар қорғау аймағы туралы ақпарат беру; жаңалықтармен инновациондық жобаларды қаржыландыру бойынша құжаттарды қабылдау; коммуналды қызметте тарифтерді бекіту және қалыптастыру тәртібі туралы ақпарат беру; Қазақстан Республикасының әртүрлі аймақтарында коммуналды қызмет тарифтері туралы ақпарат беру; өндіруші-жеткізуші коммуналды қызмет көрсетуге келісімге отыру бойынша заңды консультациялар беру; өндіріске мемлекеттік бар, электр энергиясы және жылу беру ұйымдары сымен қамтамасыз ету, телефон байланысы бойынша ақпарат беру; экономика, сауда және коммуналдық қызметпен қамтамасыз ету сұрақтары бойынша азаматтарды қабылдау; Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы статистикасы бойынша ақпарат беру; бекет құжаттарын дайындау және қабылдау.

9. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңестік

Спорт түрі бойынша ұлттық құрама командалары тізіміне және республикалық спорт шараларына байланыс орнату ; физкультура-сақтандыру, спорт қызметтерін ұсыну бойынша ақпарат беру, сонымен қатар осы қызметтерді ұсынатын ұйымдар туралы ақпарат беру; спорт аясында республикалық қоғамдық аккредитациясы туралы ақпарат беру; ұлтаралық және республикалық қарыстарда Қазақстан Республикасының спортсмендерінің қатысуы туралы ақпарат беру; саяси партиялармен арнайы союздармен қоғамдық бірігулермен байланыс туралы ақпарат беру; кітап маркетингі және асполиграфиялық сұрақтары бойынша ақпарат беру; мәдениет, спорт және туризм сұрақтары бойынша азаматтарды қабылдау; ішкі саяси тұрақтылық; әлеуметтік, саяси және регионалистика сұрақтары бойынша мақалалардың шығуы; баспаның ашылуына рұхсат беру; ақпарат орталығына консультациялық қызметтер көрсету

10. Дипломатия және ұлтаралық байланыс

Консульдік меншіктеу сұрақтары бойынша ақпарат беру; Қазақстан Республикасының виза беру, дипломатикалық және қызметші паспорттарды әзірлеу тәртібі туралы ақпарат беру; Қазақстан Республикасынан шығу (келу) сұрақтары бойынша азаматтарды қабылдау.

Қазақстанда «электрондық үкімет» құрудың үш кезеңі:

Бірінші кезең «электрондық үкіметтің» инфрақұрылымын құру. Аталған кезең шеңберінде осы Бағдарламаны іске асыру «электрондық үкіметтің» шлюзі мен порталы, банк жүйесімен өзара іс-қимыл үшін «төлем шлюзі», ұлттық бірегейлендіру жүйесі, мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы, орталық және жергілікті атқарушы органдардың ведомствоаралық және үлгілік жүйесін құру мен дамыту, сондай-ақ электрондық қызмет көрсетулерге қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жүргізу, ақпараттық теңсіздікті жою және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында білім көтеру жөнінде жұмыстар ұйымдастыру сияқты базалық құрамдас бөліктерді құруға бағыттталатын болады.

Екінші кезең - «электрондық үкіметтің» сервисін дамыту азаматтардың тіршілік-тынысы мен мемлекеттік органдардың жұмыс істеуінің барлық саласын қамтитын сан алуан сервистерді дамытуға, сондай-ақ әкімшілік процесстерге кең ауқымды технологиялық қайта жабдықтау жүргізуге бағыттталатын болады. Осы кезеңде транзакционды қызмет көрсетулер іске асырылатын болады.

Үшінші кезең - ақпараттық қоғам құру е-медицина, е-білім, е-мәдениет, е-демократия және басқалары сияқты жобаларды іске асыруды қоса алғанда, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызмет көрсетулерін трансформациялауды, ақпараттық қоғам құруды көздейді.

- Электронды үкіметте мемлекет, бизнес және азаматтар арасындағы өзара қарым-қа тынасты электронды үкімет ішіндегі G2C (мемлекет-азаматтар) G2B (мемлекет-бизнес) және G2G (мемлекет-мемлекет) деп аталатын негізгі модельдер атқарады.

Қысқартылған сөздердің негізгі түсініктері:

G2G (government to government)-

Үкіметтік мекемелермен өзара және жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен байланысы.

G2C (government to citizens) - Үкіметтік

мекемелермен және мемлекеттің азаматтарының арасындағы өзара байланысы.

G2B (government to biznes) - Үкіметтік мекемелер

мен кәсіпкерлер арасындағы өзара байланыс.

Бизнес-концепт «7 × 24 × 365»

Біртұтас үкіметтік интернет-портал мемлекеттік ұйымдардың барлық қызмет көрсету кешенін ықпалдастырып қамтиды, оған барлық уақытта (электрондық үкімет дұрыс жолға қойылған елдерде 24x7x365 форматы жалпы танылған: 24 сағат, аптасына 7 күн, жылына 365 күн) барша азаматтардың қол жетімділігін қамтамасыз етеді. Мұндай порталдардың енгізілуі мемлекеттік ұйымдардың жұмыс істеу тиімділігін арттырады, мемлекеттік сектордағы бюрократизм мен сыбайлас жемқорлықтың деңгейін айтарлықтай төмендетеді.

- ҚР-сы Үкіметінің 2007-2009 Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендетуді жылдарға арналған 13.10.2006 жылы 995 бұйрық мемлекеттік бағдарламамен толығып, кешенді мемлекеттік саясатқа ұласты. Осы 2 жыл ішінде компьютерлік сауаттылыққа 3094054 адам (20,6%) оқытылды. Ақпараттық теңсіздікті төмендетуге арналған бағдарламаның жалпы құны 15 584 676 теңгені құрады.

Электронды үкіметтің жетістіктері

Құрылғанынан бергі тоғыз жыл ішінде Қазақстан Республикасының электронды үкіметі қалыптасу мен даму кезеңдерінен өтті, дүниежүзілік қауымдастық тарапынан оң көзқарасқа ие болып, жоғары бағаланды. Халықаралық және республикалық рейтингтердегі жоғары көрсеткіштері мен байқаулардағы ие болған номинациялары осыған куә. Қазақстандық электронды үкіметтің даму дәрежесі «дамушы» (emerging leaders) сатысында деп бағалануда және аса табысты үкіметтердің бірі саналады



Сонымен қорыта келе, 2010 жылы Қазақстан Республикасындағы электрондық үкіметтің дамуына Біріккен Ұлттар Ұйымымен жоғары баға берілді. БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік даму департаментімен дайындалған, электрондық үкіметке жахандық дайындық рейтингісінің жыл сайынғы деректеріне сәйкес, Қазақстан соңғы жыл ішінде әлемдік рейтингідегі 81 орыннан Ресейді (59 орында), Беларуссияны (64 орында) және Украинаны (54 орында) артта қалдырып қарқынды түрде 46 орынға көтерілгендігі айғақ.

КӨҢІЛ БӨЛГЕНДЕРІҢІЗГЕ РАХМЕТ

